

**Есенбекова Диана,
№ 2 «Мұрагер» мектебінің 6 сынып оқушысы**



Ғасырлар тоғысындағы талай тарихты бастан кешкен қазақ халқының өткеніне баға беретін болсақ, халқымыздың «алыптар ала бермейтін, жүйріктер шаба бермейтін», ыстығы мен суығы біте қайнасқан мың соқпақ жолды басып өткенін аңғару қиын емес. Сонау айдай әлемге аты мәшһүр болған тағы тайпалар- сақтар мен ғұндардан, ұшы қиыры жоқ Азия төсін мекен еткен көшпенділер түркілерден бастау алған қазақ жұртының басын қосқан Жәнібек пен Керейдің тұсынан бері төл тарихымыздың туы тігіледі. Тәуелсіз қазақ елінің қазығын қаққан сол Жәнібек пен Керейден кейін ел тізгінін ұстағандардың қайсысы болмасын, өткенімізде өзіндік өлшеусіз орны бар.

Тарихта «Қасымханның қасқа жолы», «Тәукенің жеті жарғысы» секілді білгір, көреген басшылардың құрастырған заң жинақтары тәуелсіз қазақ елінің іргетасын қалауда ерекше маңызға ие болды. Тәукеден кейінгі Абылай ханның тұсында да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген қазақ халқы білікті саясаткер бабаларымыздың арқасында анталап тұрған жоңғар басқыншыларына тойтарыс берді. Осындай көреген елбасымыздың салиқалы саясатының шеңберінде бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің шаңырағы көтерілді.

Сол білікті реформаторлардың сара жолын жалғастырған «Қазақстан» атты тәуелсіз мемлекетті құрған бүгінгі саяси көсеміміз – Нұрсұлтан Назарбаев.

Егемендік декларациясы қабылданғаннан кейін демократиялық санасы ояна бастаған халқына дем беріп, 1991-1992 жылғы тоқырау жылдарының ауыр күндерінде батыл қадамдарға бара білген Елбасымыз экономикалық бүліншіліктен әбден зардап шеккен халқын бұл қиыншылықтан да алып шықты. Экономикалық дағдарыстан қиындыққа ұшыраған елді жуық арада бұдан алып шығу – нағыз көреген басшылардың қолынан келетін іс екендігін айтуға тиістіміз. Дүниежүзі тарихында дағдарыстың құшағында кеткен елді жаңа өмірге қадам бастыратын білікті басшылар санаулы екендігін ескермей кетпеске болмас. Осы орайда Елбасымыздың көрегендігіне айтар дауымыз жоқ.

Елу жыл бойы Шығыс өңірдің жеріне ғана емес, бүкіл қазақ жеріне ядролық сынақ өткізіп келген КСРО-ның басты сынақ алаңы – Семей полигоны еді. Алапат ядролық жарылыстар үлкен экологиялық апаттарға әкеліп соқтырды. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл полигонды жабу туралы Заңға қол қойған Елбасымыз әлем алдында зор

[Введите текст]

қошеметке бөленді. Ядролық қаруды таратпау жөніндегі жиындардың басы-қасында жүретін Қазақстан Елбасының арқасында дүние жүзі елдеріне үлгі бола білді. Бәрінен де бұрын экологиялық апаттардан зардап шегіп келген Семей халқының Елбасына деген алғысы шексіз.

Ата заңымыз өмірге келгеннен кейін құқықтық-азаматтық мемлекетіміздің одан әрі дамуына өлшеусіз үлес қосқан президентіміз халқымыздың әл-ауқатын арттыру мақсатында нық қадамдарға барды. Бұл қадамдар өз жемісін берді де. Қазір қай ел болмасын. Қазақстанның санасуға тұрарлық ел екендігіне көзі жетті. Елбасымыздың халқымызға сіңірген ерен еңбектерін талдап отырып, Астананы ерекше атап өткен жөн. Астана – Елбасының қазақ халқына тартқан сыйы. Еуразияның кіндігінде, Сарыарқаның төсінде бой көтерген архитектуралық, ғаламат, қиялға бергісіз сәулет үлгілерімен тұрғызылған зәулім- зәулім ғимараттардың үйлесімі топтасқан Астана қаласы – әрбір қазақтың мақтанышы. Астанасыз Қазақстанды елестету мүмкін емес. Өйткені Астана – бейбітшілік пен пен татулықтың, береке мен бірліктің, тазалық пен қонақжайлылықтың, махаббат пен пәктіктің қаласы.

Сан жылдар бойы армандаған тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жарқын болашаққа бағыт алған қазақ елінің басын бір жеоге қосқан Елбасымыздың елеулі еңбегін бағалаған еліміз қашан да басшысын қолдаудан жалыққан емес.

Тәуелсіздік алғаннан бері ел тізгінін ұстап келе жатқан Елбасымызды халқы әрқашан қолдай бермек. Себебі азаттықтың ақ таңы атқалы бері елімен етене байланыс жасаудың нәтижесінде ғана қазақ елін жаңа биікке көтерген Елбасы бұдан былай да халқымен бірге болатынына сеніміміз мол. Осы орайда сарабал саясатымен ерекшеленген Елбасына жүрекжарды өлеңімді арнаған едім:

Намыс үшін, ар үшін
Барлық қазақ қамы үшін
Елдің таңы, бағы үшін
Терін төккен Нұрсұлтан.
Ұлан байтақ жерімнің
Шарпысын деп көгін күн
Көк байрағын елімнің
Желбіреткен Нұрсұлтан.
Дара ісің, нұрланған
Жаса, жаса Нұрсұлтан
Елімізге егемен
Елге керек, бол сұлтан!